



«С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылыми кеңесімен бекітілген
Құрылған күні: 12/11/2024
Жаңартылған күні: 12/11/2026

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЕРКІНДІК САЯСАТЫ

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ

IMPORTANT FOR
GROUNDIN IN FREEDOM
IMPORTANT FOR OF INQUURY
ALL FACULTY FREEDOM
PROFESSIONAL TRAINING IN TEACHING
ACADEMIC FREEDOM
BENEFITS MY STUDENTS TOP PRIORITY
OFF THE TENURE TRACI
SHOULD BE
PROFESSIONAL TRAINING I NEED TO LEARN MORE
ABOUT ACADEMIC
WHEN FACULTY FREEDOM
LABOR HURTS ACADEMIC



*«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылыми кеңесімен бекітілген
Құрылған күні: 12/11/2024
Жаңартылған күні: 12/11/2026*

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігі және академиялық еркіндік саясаты (бұдан әрі – Саясат) «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ-та (бұдан әрі – Университет) академиялық еркіндікті және ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігін қамтамасыз етудің қағидаттарын, мақсаттары мен механизмдерін айқындайды.

1.2. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университет жарғысына, Университеттің Академиялық саясатына сәйкес, сондай-ақ академиялық еркіндік пен ғылыми әдеп саласындағы халықаралық қағидаттар мен озық тәжірибелерді ескере отырып әзірленді.

1.3. Саясат профессор-оқытушылар құрамына, ғылыми қызметкерлерге, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге, әкімшілік-басқару персоналына, сондай-ақ Университеттің білім беру және ғылыми-зерттеу қызметіне тартылған барлық тұлғаларға қолданылады.

1.4. Университет академиялық еркіндік пен ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігін ғылымды, білімді, инновацияларды дамыту және сыни ойлауды қалыптастыру үшін қажетті іргелі құндылықтар ретінде таниды.

2. Негізгі қағидаттар

Осы саясатты іске асыру келесі қағидаттарға негізделеді:

- оқытудың, білім алудың және ғылыми ізденістің академиялық еркіндігі;
- ғылыми зерттеулердің тақырыптарын, әдістері мен нысандарын таңдау тәуелсіздігі;
- ғылыми адалдық және академиялық адалдық;
- ғылыми нәтижелердің сапасы мен шынайылығы үшін жауапкершілік;
- кәсіби әдеп нормалары мен заңнаманы сақтау;
- ғылыми және білім беру қызметінде кемсітушілікке, қысым көрсетуге немесе цензураға жол бермеу;
- ғылыми қызметтің ашықтығы мен айқындығы.

3. Академиялық еркіндік

3.1. Университет білім беру және ғылыми процестің барлық қатысушыларына академиялық еркіндікке кепілдік береді.

3.2. Академиялық еркіндік келесілерді қамтиды:



*«С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылыми кеңесімен бекітілген
Құрылған күні: 12/11/2024
Жаңартылған күні: 12/11/2026*

- бекітілген білім беру бағдарламалары шеңберінде оқыту әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдаудағы оқытушылардың еркіндігі;
- ғылыми және кәсіби көзқарастарды талқылау және білдіру еркіндігі;
- ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін жариялау еркіндігі;
- ғылыми пікірталастарға, конференцияларға, жобаларға және академиялық ұтқырлыққа қатысу еркіндігі.

3.3. Академиялық еркіндікті іске асыру академиялық жауапкершілікті, ғылыми әдеп нормаларын, басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді ескере отырып жүзеге асырылады.

4. Ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігі

4.1. Университет ғылыми зерттеулердің саяси, идеологиялық, діни, коммерциялық және өзге де заңсыз ықпалдардан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

4.2. Зерттеушілердің келесілерді өз бетінше орындауға құқығы бар:

- ғылыми зерттеулердің бағыттары мен тақырыптарын айқындау;
- ғылыми тәсілдерді, зерттеу әдістері мен құралдарын таңдау;
- қорытындыларды тұжырымдау және зерттеу нәтижелерін түсіндіру (интерпретациялау).

4.3. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру (гранттық, бағдарламалық-нысаналы, келісімшарттық және т.б.) зерттеушілердің ғылыми автономиясын шектемеуге және ғылыми нәтижелерді бұрмаламауға тиіс.

4.4. Университет заңнама талаптарын, келісімшарттық міндеттемелерді және зияткерлік меншік нормаларын сақтаған жағдайда, зерттеушілердің ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау құқығына кепілдік береді.

5. Ғылыми әдеп және академиялық адалдық

5.1. Ғылыми қызметтің барлық қатысушылары ғылыми әдеп, академиялық адалдық және адал ниеттілік қағидаттарын сақтауға міндетті.

5.2. Келесілерге тыйым салынады:

- плагиат, мәліметтерді қолдан жасау (фабрикация) және бұрмалау (фальсификация);



*«С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылыми кеңесімен бекітілген
Құрылған күні: 12/11/2024
Жаңартылған күні: 12/11/2026*

- авторлықты заңсыз иемдену;
- зерттеу нәтижелерін бұрмалау немесе жасыру;
- ғылыми қорытындыларды өзгерту мақсатында зерттеушілерге қысым көрсету.

5.3. Университетте академиялық адалдық пен ғылыми әдеп бұзушылықтарын қарастыратын ішкі механизмдер (Әдеп жөніндегі комитет) жұмыс істейді.

6. Институционалдық кепілдіктер және іске асыру тетіктері

6.1. Университет осы Саясатты іске асыру үшін келесі жолдармен жағдай жасайды:

- ғылыми инфрақұрылымды (ғылыми зертханалар, зерттеу орталықтары, цифрлық ресурстар) дамыту;
- ғылыми жобалар мен бастамаларды қолдау;
- ғылыми мәліметтер базасына және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- жарияланымдық белсенділікті және халықаралық ғылыми желілерге қатысуды ынталандыру.

6.2. Университеттің басқару органдары, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ғылыми зерттеулер мен білім беру процесінің мазмұнына араласпайды.

6.3. Университет өз қызметкерлері мен білім алушыларын академиялық еркіндікті іске асыруға байланысты кез келген қысымнан, қудалаудан немесе санкциялардан қорғайды.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Оқытушылар, зерттеушілер және білім алушылар осы Саясаттың сақталуына жауапты болады.

7.2. Академиялық еркіндік пен ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігі принциптерін бұзу мәселелері Университетте белгіленген тәртіппен қарастырылады.

7.3. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары еркін және тәуелсіз ғылыми қызметке ықпал ететін ортаны қалыптастыруға жауапты болады.



*«С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылыми кеңесімен бекітілген
Құрылған күні: 12/11/2024
Жаңартылған күні: 12/11/2026*

8. Қорытынды ережелер

- 8.1. Осы Саясат Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.
- 8.2. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен енгізіледі.
- 8.3. Саясат Университеттің ресми веб-сайтында орналастырылуға тиіс және ол жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.

Осы Саясат «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ-ның академиялық автономиясын нығайтуға, ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға және ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталған.